

**"Қазақстан Республикасы аумағына уақытша әкелінетін тауарларды қосылған құн салығын төлеуден босатудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 351 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 102 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 15 наурызда № 6807 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 229 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.05.02 № 229 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-15-бабына сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Қазақстан Республикасы аумағына уақытша әкелінетін тауарларды қосылған құн салығын төлеуден босатудың ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 351 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6359 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінде 2010 жылғы 28 тамызда № 228 (26289) жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы аумағына уақытша әкелінетін тауарларды қосылған құн салығын төлеуден босатудың е р е ж е с і н і ң :

5-тармағында «салық төлеушінің бюджеттік сыныптамасының» деген сөздер «бюджеттік сыныптамасы бойынша салық төлеушінің» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8-тармағының 2) тармақшасында «Есепті» деген сөз алдынан «Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде» деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады

*Министр*

*Б. Жәмішев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК